

ЖШС «Жас-Дарын-3» бастауыш мектебі
Әдістемелік кеңесінің
ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілетін орны: АКТ залы

Өткізілу күні: 28.08.2023ж

Уақыты: 10:00

Өткізілу түрі: оффлайн

Хатшы: Оңдыбайқызы А

Қатысушылар: Педагогикалық ұжым (тізім бойынша)

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары: С.Ш.Исаева

2. Мектептің әдістемелік тақырыбын таңдау және бекіту.

Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары: С.Ш.Исаева

3. Күнтізбелік – тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі.

Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары:
С.Ш.Исаева

4. Жас мамандар мен тәлімгердің міндеттерімен, ережесімен таныстыру және жоспарларын бекіту.

Жауапты: Әдістемелік бірлестік жетекшілері: Оспан М.Б.
Ибраева Ж.Н.

Тыңдалды:

1. Отырыста қарастырылатын мәселер бойынша директорымыздың әдістеме жөніндегі орынбасары Исаева С.Ш. сөз сөйлеп, 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстырып, хаттағы өзгерістерге жеке тоқтала кетті. **Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл** жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтарын мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Бұл тәсіл білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялауға, білім беру әдістемесін, мазмұнын мен құрылымын жаңартуға бағытталған.
- Мысалы, 2-сыныптың қазақ тілі пәнінде берілген «Дені саудың жаны сау» бөлімінде 2.2.5.1* *дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу* мақсатын жүзеге асыру үшін «Дұрыс тамақтану» тақырыбын алуға болады. Тақырыпты талдау арқылы білім алушылар денсаулықты сақтау үшін қажетті дәрумендер мен пайдалы тағамдар туралы біледі. Осылайша, мәтінді талдау оқу мақсатын пысықтайды және дұрыс тамақтану жолдарына қатысты жаңа ақпаратты зерттейді. Әрі қарай жазылым кезінде (2.3.2.1* *үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу*) білім алушы денсаулық пен дұрыс тамақтанудың маңыздылығы туралы хабарлама жаза алады.
- Көркем еңбек сабақтарында білім алушыларды бойына ұлттық құндылықтарды дарыту халықтық қолөнерді меңгерту негізінде жүзеге асырылады.

Айтылым дағдысын дамыту үшін білім алушылардың бір-бірімен сенімді қарым-қатынас жасауына арналған тілдік ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін әртүрлі ынталандырушы тапсырмаларды ұсыну қажет. Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде: жазбаша немесе ауызша мәтінмен жұмыс жасау кезінде (мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру), сондай-ақ грамматикалық немесе лексикалық материалды ауызша қолдану кезінде мақсатты сөйлеу тілін қолдануды жоспарлауға болады.

Тыңдалым (тыңдау) дағдысын дамыту үшін білім алушылардың тыңдалатын мәтіннің мәнін түсінуі маңызды. Тыңдау дағдыларын сапалы дамыту үшін өмірлік жағдайлардан әртүрлі тапсырмалар дайындап қолдану қажет. Сабақтарда тапсырмаларды білім алушылар алғаш тыңдаған кезде ауызша мәтіннің негізгі идеясын түсінетіндей етіп жоспарлау керек, ал екінші рет тыңдау кезінде ауызша мәтіннің немесе аудио хабарламаның нақты бөлшектерін талдауы қажет.

Оқылым дағдысын дамыту үшін білім алушыларға қызықты және ынталандыратын мәтіндер ұсыну керек. Мәтіндерге тапсырмалар құрастыру кезінде әртүрлі әдістерді қолдану ұсынылады, мысалы, «Қарапайым және күрделі сұрақтар»: алдымен «қарапайым» сұрақтар қоюдан бастаңыз (нақты жауапты қажет ететін), біртіндеп «күрделі» сұрақтарға көшіңіз (неғұрлым егжей-тегжейлі жауапты қажет ететін). Мұндай мәтіндерге тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай принципі бойынша жасалуы керек.

Жазылым дағдысына үйрету және дамыту үшін білім алушыларға жазбаша мәтіндердің нақты модельдері мен элементтерін (кіріспе конструкциялар, күрделі сөйлемдердің құрылымдары және т.б.) ұсыну қажет. Коммуникацияның цифрлық тәсілдерін дамыту бүкіл әлемде іскерлік және бетпе-бет қарым-қатынас жасау үшін адамдардың бұрынғыдан қарағанда көбірек жазатынын білдіреді. Сабақтарда мұғалімдерге ресми электрондық поштадан бастап әлеуметтік желідегі жазбаға дейін жазудың әр түрін үйрету қажет.

2. «Оқытудағы заманауи технологияларды ұтымды пайдалану – оқушы мен мұғалімнің шығармашылық потенциалын дамыту факторы».

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауынан туындайтын тапсырмаларды басшылыққа ала отырып, шәкірттерді оқытып тәрбиелеу барысында жоспарлы жұмыстар атқарылып жатыр.

Оқушыны оқытып тәрбиелеумен айналысатын мұғалімнің білімі мен біліктілігін көтеру, шығармашылық ізденістерінің дамыту мектептің негізгі мақсатының бірі. Ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың мақсаты мен міндеттері мектептегі оқу әдістемесінің жүйесіне сәйкес жүргізілді. Осыған орай оқушылардың жалпы білім беру деңгейіндегі материалды толық игеруіне, интеллектуалдық, шығармашылық негізінде сапалы білім алуына, сабақ тиімділігі мен білім сапасын көтеруге бағытталған ізденісті әдістемелік жұмыстарын жүйелеуге, бағалауға әр мұғалімді ынталандыру, сабақта және сабақтан тыс жұмыстарды оқушы мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыруда жаңа бағыттармен жұмыс жүргізілу керектігін айта түсті.

Қазіргі заманғы оқыту мен тәрбие үрдісінде көптеген өзгерістер енуде. Бұл өзгерістер әрбір білім мекемесінің, әрбір педагогикалық ұжымының өзіндік келбетін, өзіндік тәрбиелік жүйесін құру қажеттілігін, мұғалім іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыруын талап етеді.

Рухани жаңғыру- қоғамның барлық мүшелерімен бөлісетін құндылықтар мен мәдениет мәселесі, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі. Бұл біз жасайтын болашақтың жаңарған мазмұны мен бейнесі.

«Жас Дарын-3» бастауыш мектебінің педагогикалық ұжымы ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР тұжырымдамасын жүзеге асыру және мектеп жарғысына сәйкес адам өмірі мен денсаулығын қадірлеу, жеке тұлғаның еркін дамуын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізілуін қадағалау керектігін атап өтті.

3. Отырыста қарастырылған мәселелер бойынша директордың әдістеме жөніндегі орынбасары Исаева С.Ш. сөз алып, әрбір пән бірлестігінің күнтізбелік тақырыптық жоспардың құрылымын нақтылап бекітілгендігін және қмж-лардың құрылымы мен мақсаттарының жүйелі қойылып құрылғандығы жөнінде айтып өтті. Исаева С.Ш. өз сөзін жалғастырып 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған Оқу бағдарламасы мен әдістемелік нұсқау хатымен педагогтарды таныстырды. Онда бірқатар өзгертулер мен жаңартуларды әр пән бірлестігі бойынша жіктеп атап өтті, . Білім және Ғылым министрлігінің 2020жылдың сәкірдегі №130 бұйрығының 3-қосымшасындағы енгізілген өзгеріспен таныстырып, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 27.08.2022ж № 382 бұйрығымен білім беру ұйымындағы педагогтің ОМЖ, ҚМЖ жоспарлары жүргізілуін атап өтті. Сонымен қатар жүйелі жоспар түзіліп, жаңа оқу жылының жоспарына сай жүйелі жұмыс жүргізілуін керек екендігін сөз етіп айта кетті.
4. Мектебіміздегі әдістемелік бірлестік жетекшілері, жас мамандарымызға орындайтын тапсырмаларымен түсіндіріп, ережелерімен таныстыру жұмысын жасады. Ең алдымен жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды, сонымен бірге жас мамандарға Қмж-ны(қысқа мерзімді жоспар) қалай жасау керек екенін, сабақтың оқу мақсатына қарай жоспар құрылу керектігін айтты.
- Сонымен, қатар әдістемелік бірлестік жетекшілері: Оспан М.Б, Ибраева Ж.Н. өздерінің сабақтарына талдау жасап, жас мамандарға көптеген дүниелер үйретті.

Қаулы:

1. Әдістемелік нұсқаулық хаттарда көрсетілген бұйрықтарға сәйкес жұмыс жасалсын.
2. Қысқа мерзімді жоспар мен күнтізбелік тақырыптық жоспар құрылымын ұжыммен бір ауыздан бекітілген үлгі сақталсын.
3. Тәлімгерлер мен жас мамандардың жұмыс жоспарлары бекітіліп, тығыз байланыста болып, жыл бойында жұмыс жүргізілсін.
4. Оқу жылының өн бойында сабақтарда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану падегогтарға жүктелсін.